



Серіктестерге қызмет көрсету шартына

№ 5 қосымша

Каспи Business картасы

1. Қызметтің мәні

1.1. Осы Қосымша корпоративтік картаны шығару, қызмет көрсету және жүргізу бойынша Каспи мен Серіктестің арасындағы қатынастарды реттейді. Осы Қосымшаның және Серіктестерге БҚКШ-ның талаптары карта шарты болып табылады.

1.2. Серіктес Қосымшаға Каспи-дің белгілеген нысаны бойынша өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) беру арқылы қосылады.

1.3. Берілген Өтініштің негізінде Каспи Серіктеске Карта бойынша операцияларды жүргізу үшін пайдаланылатын ағымдағы шотты (бұдан әрі – Шот) ашады және Ұстаушының атына ХТЖ-ның бірінің Картасын шығарады. Каспи Картаның түрі мен сипаттамасын айқындайды. Карта Шоттағы ақша сомасының шегінде немесе операцияларды жүргізу үшін белгіленген лимиттің шегінде осы Қосымшада және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен пайдаланылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Осы Қосымшаның мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мен анықтамалардың мынадай мағынасы бар:

2.1.1 Авторландыру – Картаны пайдаланып, төлем жасауға Каспи-дің рұқсаты;

2.1.2 Каспи Business картасы (Карта) – Каспи-дің шығарған және Шотқа қол жеткізу құралы болып табылатын, Операцияларды жүргізу үшін пайдаланылатын, ХТЖ бірінің және (немесе) Каспи төлем карталары жүйесінің (ТКЖ) корпоративтік картасы;

2.1.3 Каспи күні – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат 9.00-ден сағат 17.45-ке дейінгі уақыт кезеңі;

2.1.4 Терминал – банкомат, қолма-қол ақша алуға, Каспи-дің басқа қызметтерін алуға арналған, тауар/қызмет ақысын қолма-қол ақшасыз төлеуге арналған электрондық-механикалық құрылғы;

2.1.5 ХТЖ – MasterCard WorldWide халықаралық төлем жүйесі/ Visa International / American Express Card / JCB / Diners Club / China UnionPay / PPS PayPal және басқа да халықаралық төлем жүйесі – төлем карталары технологиясын пайдалану негізінде белгілі бір ережелер мен талаптармен бір-бірімен біріктірілген және өзара қарым-қатынас орнататын есептесуге қатысушылар мен олардың есептесу агенттерінің жүйесі. ХТЖ жұмыс істеу ережесін белгілейді және өзінің қатысушыларына ақпараттық қолдау көрсетеді;

2.1.6 ДСН-код – Дербес сәйкестендіру нөмірі, жеке цифрлық код, Авторландырудың автоматтандырылған режимі кезінде Ұстаушыны сәйкестендіру қызметін атқарады;

2.1.7 Ұстаушы – Серіктестің Өтініші бойынша атына Карта шығарылатын Серіктестің уәкілетті жұмыскері не болмаса Серіктес;

2.1.8 Слип – банктің немесе сауда/сервис орнының Картаны пайдаланып операция жүргізген кезде қағаз тасымалдаушыда жасалатын төлем құжаты;

2.1.9 Стоп-парақ – жоғалған, ұрланған және тосқауыл қойылған Карталардың нөмірлерінің тізімі;

2.1.10 СМС-сервис – Шотқа қызмет көрсету бойынша Каспи-дің қызметі, оның аясында Каспи Картаны пайдалану арқылы Шот бойынша операцияны жүргізу туралы мәліметтерді Ұстаушыға SMS-хабарларды не болмаса Push-хабарламаларды жолдау арқылы береді;

2.1.11 Операция – қолма-қол ақша алу, Шотты толықтыру, ақша аударымдары және Картаны пайдаланып жүргізілетін төлемдер;

2.1.12 Техникалық овердрафт – Серіктестің Шоттағы меншікті ақшасының қалдығынан тыс немесе шығыс операциялары бойынша белгіленген лимиттен тыс жұмсалған ақша сомасы. Техникалық овердрафт валютаны айырбастаған кезде де не болмаса Каспи комиссияларды және көрсетілген қызмет құнын ұстаған кезде де пайда болуы мүмкін;

2.1.13 Чек – Операцияны жүргізу фактісін растайтын құжат.

2.1.14 ТКЖ (Каспи төлем карталары жүйесі) – төлем карточкаларын пайдаланып төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жасауды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдық-техникалық іс-шаралардың жиынтығы.

2.2. Қосымшада пайдаланылатын және осы Қосымшаның 2.1-тармағында көрсетілмеген өзге терминдер мен анықтамалар Серіктестерге БҚКШ-да айқындалған мағынада түсініледі.

3. Жалпы ережелер

- 3.1. Карта Клиентке Картаны пайдалану ережесінде көрсетілген тәсілдермен беріледі. Картада Ұстаушының аты мен тегі көрсетілген Карта шығарылады және Ұстаушыға не болмаса тиісті сенімхат болған кезде Серіктестің уәкілеттік берген тұлғасына беріледі.
- 3.2. Картаның деректемелері, соның ішінде ХТЖ атауы, Картаның қолданылу мерзімі Картада көрсетілген. Карта өзінде көрсетілген ай мен жылдың соңғы күніне (қоса алғанда) дейін қолданылады.
- 3.3. Қызмет ақысы Операция жүргізілген сәттегі Тарифтерге сай төленеді.
- 3.4. Серіктес Ұстаушының әрекеттері үшін жауапкершілік атқарады және Kaspi-дің барлық шығындарын (оларға жол берілген кезде) толық көлемде өтейді.
- 3.5. Kaspi-де мұндай мүмкіндік болған кезде Kaspi әртүрлі Ұстаушыларға бірнеше Карта беруге құқылы.
- 3.6. ТКЖ Картасы Серіктес БҚКШ-ға қосылуға өтініш берген кезде шығарылады.
- 3.7. ТКЖ Картасы электрондық түрде шығарылады.
- 3.8. ТКЖ Картасы Kaspi-дегі шоттардың арасында Операциялар жүргізу үшін, соның ішінде Техникалық овердрафтты өтеу мақсатында пайдаланылады.
- 3.9. ХТЖ карталары Шотқа нұсқаулар беру үшін оларды тікелей қолданғанда және/немесе олардың деректемелерін қолданғанда, Kaspi мұндай мүмкіндік бергенде, соның ішінде Kaspi-ге тиесілі емес құрылғылар арқылы және, егер Қосымшаның 3.11-тармағында аталған операцияларды жүргізу ТКЖ-ны қолданбай мүмкін болмайтын жағдайда, пайдаланылады.
- 3.10. ТКЖ-мен Операциялар ҚР аумағында жүргізіледі.
- 3.11. Kaspi-дің Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілмеген Операциялар бойынша ХТЖ-мен есеп айырысу валютасы – АҚШ доллары. Операция Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары АҚШ долларынан басқа валютада жүргізілген жағдайда, Операцияның сомасы Kaspi-дің ХТЖ-мен осы Операция бойынша есеп айырысқан сәттегі ХТЖ белгілеген айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларына айырбасталады. Kaspi ақшаны Шоттан ақшаны есептен шығарған сәттегі Kaspi-де белгіленген Шот валютасының айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларындағы Операцияның сомасына балама теңгедегі соманы Шоттан акцептсіз тәртіппен есептен шығарады немесе Шотқа аударады.
- 3.12. Шоттың валютасы Қазақстан Республикасының аумағында ХТЖ және/немесе ТКЖ арқылы жасалған Шотқа ақша аудару (толтыру) операциясы бойынша Операция валютасынан басқа болған жағдайда, Операция сомасы Kaspi Шотқа ақша аударған күні Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес белгіленген валютаны айырбастау бағамы бойынша Операция сомасына балама сомада Шот валютасында Шотқа аударылады.
- 3.13. Жол берілген Техникалық овердрафтты Серіктес тез арада өтеуге тиіс. Техникалық овердрафтқа жол берілген әр жағдай Серіктеске БҚКШ-ның талаптарын елеулі бұзу болып саналады және Kaspi-ге Қосымша бойынша қызмет көрсетуден мерзімінен бұрын бас тартуға немесе Серіктеске БҚКШ-ны біржақты соттан тыс тәртіппен толық бұзуға құқық береді.
- 3.14. Картаны шығарғаны және оған қызмет көрсетілгені үшін комиссияны төлеу міндеті туындаған сәттен бастап Шотқа түсетін ақша ағымдағы күні Kaspi-ге тиесілі комиссияны төлеуге жіберіледі, бұл ретте Kaspi Техникалық овердрафт және Серіктес төлеуге тиіс өзге де төлемдер бойынша төлем жасау тәртібін өз бетінше белгілейді.
- 3.15. Kaspi Картаның қолданылу мерзімінің аяқталғаны туралы Серіктеске Ұстаушы не болмаса Серіктес Kaspi-ге келген кезде жеке өзіне не болмаса оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 10 күн бұрын Kaspi-дің таңдауы бойынша байланыс арналарының бірімен хабарлайды.
- 3.16. Операциялар бойынша Чек және өзге төлем құжаттары Ұстаушыға электрондық түрде не болмаса Операцияны Терминалда (банкоматта) жүргізген жағдайда сұрату бойынша беріледі. Чек – төлемді және/немесе ақша аударымын растайтын бастапқы құжат.
- 3.17. Kaspi-де бар құжаттар бойынша Серіктестің өкілеттіктерінің не болмаса сенімхатының мерзімі өткен жағдайда, мұндай өкілеттіктердің, соның ішінде сенімхаттардың (бар болса) мерзімі ұзартылғанын растайтын қажетті құжаттарды Kaspi-ге бергенге дейін Картаға тосқауыл қойылады.
- 3.18. Картаға жылдық қызмет көрсетілгені үшін комиссия Серіктестің қосымша нұсқауынсыз Шоттан тікелей дебеттеу арқылы есептен шығарылады. Шотта ақша болмаған кезде жылдық қызмет көрсетілгені үшін комиссия және/немесе Kaspi-ге тиесілі өзге комиссия Серіктестің Kaspi-де ашылған кез келген банктік шоттарынан не болмаса Техникалық овердрафт есебінен есептен шығарылуы мүмкін.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Kaspi:

- 4.1.1. Серіктес Kaspi-ге Өтінішті берген сәттен бастап 30 (отыз) банк күні ішінде не болмаса дәл сол күні Ұстаушыға Картаны беруге;
- 4.1.2. Картаның авторлануын және Kaspi-ге тиесілі электрондық құрылғылар жүйесінің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етуге;
- 4.1.3. Барлық қажетті төлем құжаттарын алған сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде Шотқа ақшаны аударуға;
- 4.1.4. Қосымшадағы және Тарифтердегі барлық өзгерістер туралы Серіктеске Kaspi-дің қалауы бойынша мынадай бір немесе бірнеше әдіспен: Серіктес Kaspi-ге келген кезде жеке өзіне, Байланыс арналарымен, Kaspi-дің операциялық залдарына хабарландырулар орналастыру арқылы, сондай-ақ Kaspi-дің Сайттарында жариялау арқылы хабарлауға;
- 4.1.5. Карта бойынша шығыс Операциялар бойынша Kaspi-дің белгілеген лимиттері туралы ақпаратты

Мобильді қосымшада не болмаса Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарымен беруге міндеттенеді.

4.2. Серіктес:

4.2.1. Барлық қызмет ақысын қолданыстағы Тарифтерге сай төлеуге;

4.2.2. Операцияларды жүргізгені үшін, егер олар жүргізілгенге дейін Kaspi-ге Картаға тосқауыл қою немесе оның күшін жою туралы өтініш (хабарлама), соның ішінде Жеке кабинет арқылы жолданбаса, даусыз тәртіппен есеп айырысуға;

4.2.3. Тиісті құжаттарды Kaspi-ге беріп, Өтініште көрсетілген Ұстаушының деректерінің өзгеруіне байланысты барлық жағдайлар туралы Kaspi-ге осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде хабарлауға;

4.2.4. Kaspi-ге барлық шығыстарды және Картаны алып қоюға, тосқауыл қоюға, Стоп-параққа енгізуге байланысты сот шығасыларын, егер Ұстаушының кінәсінен Kaspi осындай әрекеттерді қолданса, даусыз орындалатын тәртіппен өтеуге;

4.2.5. Kaspi-ден бұзу және осы Қосымша бойынша қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны Байланыс арналарымен алған кезде, Картаны пайдалануды тез арада тоқтатуға;

4.2.6. Картаны пайдаланып төлем жасалған кезде жасалған төлем құжатын орындауға қажетті ақша сомасының Шотта болуын қамтамасыз етуге;

4.2.7. Картаны пайдаланғаны үшін Kaspi-дің алдында толық қаржылық жауапкершілік атқаруға және бақылауға;

4.2.8. Картаны пайдаланып жүргізілген валюталық операция бойынша растайтын құжаттарды Kaspi-дің тиісті талабын алған күннен бастап 3 (үш) банк күні ішінде беруге міндеттенеді.

Картаны пайдаланып қолма-қол шетел валютасын алған жағдайда, қолма-қол шетел валютасын алу мақсатын растайтын құжаттарды Kaspi-дің тиісті талабын алған күннен бастап 3 (үш) банк күні ішінде беруге;

4.2.9. Картаның ұрланғаны, жоғалғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы Kaspi-ге дереу хабарлауға;

4.2.10. Ұстаушы Картаны алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерде пайдаланған жағдайда, Серіктес Картаны алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерде пайдалануын тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде Картаны қайта шығару үшін Kaspi-ге өтініш білдіруге және қайта шығарылған сәтте қолданыстағы Kaspi-дің Тарифтеріне сәйкес Картаны қайта шығару ақысын төлеуге міндеттенеді. Аталған талаптарды сақтамаған жағдайда және осыған байланысты осы Карта бойынша алаяқтық Операциялар туындағанда, Серіктес Kaspi-дің барлық шығыстарын, сондай-ақ Kaspi-ге келтірген залалды даусыз тәртіппен өтеуі тиіс. Осы Серіктестерге БҚКШ-ның мақсаттары үшін алаяқтық жасау қаупі жоғары елдерге Kaspi-дің Сайттарында немесе ХТЖ сайттарында аталған елдер жатады;

4.2.11. Өтінішті бергенге және Карталарды шығарғанға дейін Ұстаушының дербес деректерді жинауға, өңдеуге және Kaspi-ге (соның ішінде трансшекаралық) беруге жазбаша келісімін алуға;

4.2.12. Картаны Ұстаушының өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда, соның ішінде Серіктеспен еңбек қатынастарының тоқтатылуына байланысты Картаға тосқауыл қою туралы хабарламаны Kaspi-ге жолдауға міндеттенеді. Тиісінше хабарлама болмаған жағдайда Серіктес Ұстаушының төлем карточкасын пайдалануына байланысты барлық тәуекелдерді өз мойнына алады және Серіктес Операцияларды жүргізген болып саналады. Техникалық мүмкіндік болған кезде Серіктес Жеке кабинет арқылы Картаға тосқауыл қоя алады.

4.2.13. Kaspi Картаға тосқауыл қою және Шотты жабу туралы хабарламаны кез келген Байланыс арнасымен жолдаған жағдайда және/немесе жазбаша хабарлама жолдағанда, Карта бойынша Операцияларды жүргізбеуге;

4.2.14. Kaspi-ге берілген құжаттар өзгергенде не болмаса өкілеттіктердің, соның ішінде Серіктестің сенімхаттарының (бар болса) мерзімдері ұзартылған жағдайда, қажетті құжаттарды Kaspi-ге беруге міндеттенеді.

4.3. Kaspi:

4.3.1. Серіктестің қосымша келісімінсіз Серіктестің Шотынан және/немесе Kaspi-де ашылған кез келген банктік шотынан Операциялардың, комиссиялардың, берешектің, Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарын және Картаны пайдалану ережесін бұзып, Картаны пайдаланудың нәтижесінде Kaspi-дің шеккен кез келген шығынының сомасын, соның ішінде Серіктестің Шоты бойынша оның пайдасына ақшаның қателесіп түскенін куәландыратын бухгалтерлік жазба анықталған күннен бастап келесі банк күнінен кешіктірмей Серіктеске тиесілі емес, қате есепке жазылған ақшаны тікелей дебеттеу арқылы алуға;

4.3.2. Kaspi-дің комиссиясы төлемдік тапсырмада жеке белгіленбесе, Kaspi-дің комиссиясын Серіктестің Шотына есепке жазуға аударылған ақшадан ұстап қалуға;

4.3.3. Шотты дебеттеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткенде Операция бойынша Серіктестің берген шағымын қарауға қабылдамауға;

4.3.4. Серіктес Серіктестерге БҚКШ-да және Картаны пайдалану ережесінде көзделген өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, соның ішінде Серіктестен не болмаса Ұстаушыдан Картаның жоғалғаны, ұрланғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылғаны туралы хабарламаны алғанда, Серіктестің Шотындағы ақшасына тыйым салынғанда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестің Шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатылғанда, Шотқа қойылған орындалмаған талаптар, Kaspi-дің алдында мерзімі өткізілген берешек болған жағдайда, кейіннен Картаны алып қою арқылы Картаға тосқауыл қоюға және Қосымша бойынша қызмет көрсетуді тоқтатуға не болмаса

Серіктестерге БҚКШ-ны біржақты соттан тыс тәртіппен толық бұзып немесе аталған әрекеттерсіз, сондай-ақ берешек пен тұрақсыздық айыбын өтеуін талап етуге;

4.3.5. Ұстаушы Өтінішке қол қойған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) айдан астам мерзімде Картаны алу үшін Kaspi-ге келмеген жағдайда, Картаның күшін жоюға және Шотқа тіркелген басқа Карталар болмаған кезде Шотты жабуға;

4.3.6. Картаға тосқауыл қойылған кезде немесе оның қолданылу мерзімі өткенде Карта және/немесе Шот бойынша Операцияларды (қолма-қол ақшаны алу, тауарлар мен қызмет ақысын төлеу және т.б.) тоқтата тұруға;

4.3.7. Шот бойынша, соның ішінде Серіктестің Kaspi-де бар шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрғанда немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар немесе тұлғалар Шоттағы ақшаға тыйым салған жағдайда, Операцияны Авторландырудан және/немесе оның Шотынан ақша алу операцияларын жүргізуден бас тартуға;

4.3.8. Техникалық овердрафтқа жол берілген кезде барлық немесе кейбір Карталарға тосқауыл қоюға құқылы. Картаға тосқауыл қою және Шотқа ақша салу қажеттігі туралы ақпаратты Kaspi Байланыс арналарымен Ұстаушының назарына жеткізеді;

4.3.9. Авторландыру жүргізілген күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күнге дейінгі мерзімде ХТЖ-дан төлем құжатын алғанға дейін Авторландыру сомасында Шоттағы ақшаға тосқауыл қоюға;

4.3.10. Серіктестің атына ашылған Шоттың жеке сәйкестендіру кодын біржақты тәртіппен өзгертуге, Серіктестерге БҚКШ-ға және Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес осы шоттан ақшаның қалдығын Серіктестің жаңа жеке сәйкестендіру коды бар Шотына аударуға құқылы. Шот нөмірінің аталған өзгерісі туралы Серіктесте мынадай бір немесе бірнеше әдіспен: Серіктес Kaspi-ге келген кезде, Kaspi-дің операциялық залдарына хабарландырулар орналастыру, Байланыс арналары арқылы, сондай-ақ Kaspi-дің Сайттарында жариялау арқылы хабарлауға;

4.3.11. Мұндай өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Сайттарда жариялау арқылы Тарифтерге, Қосымшаға және Картаны пайдалану ережесіне өзгерістер енгізуге;

4.3.12. Kaspi белгілеген лимиттерден асып кеткенде, төлем және басқа да құжаттарды, сондай-ақ Kaspi талап еткен және/немесе Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінде белгіленген, соның ішінде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және нысандарда ақпаратты бермеген жағдайларда, Шот бойынша операцияларды жүргізуден (нұсқауларды акцепттеуден) бас тартуға;

4.3.13. Серіктестерге БҚКШ-ның талаптары бұзылған жағдайда, Картаға тосқауыл қоюға, сондай-ақ оны тосқауылдан шығарудан, ауыстырудан немесе жаңа Карта шығарудан бас тартуға;

4.3.14. Картаны үшінші тұлғаларға берген кезде Картаны алып алуға, Серіктестерге БҚКШ-ны біржақты тәртіппен бұзуға және Серіктестен барлық келтірілген Kaspi-дің шығындарын (шығыстарын) Kaspi-ге өтеуін талап етуге;

4.3.15. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес Серіктестен қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында Шот бойынша жүргізілетін банк операцияларына қатысты кез келген ақпарат пен құжаттарды (оған қоса, бірақ шектелмей) талап етуге;

4.3.16. Қайта шығарған сәтте Kaspi Серіктестерге БҚКШ бойынша өзі айналысқа шығаратын төлем карточкалары үшін қолданатын/пайдаланатын сипаттама (соның ішінде түрі, функциялары, сипаты, дизайны, талаптары, тарифтері және т.б.) бойынша ғана Картаны қайта шығарып, Ұстаушыға беруге;

4.3.17. Соңғы Операцияны жүргізген күннен бастап 1 жылдан астам ақша немесе Шот бойынша ақша қозғалысы болмаған жағдайда, Картаға тосқауыл қоюға, Шотқа тіркелген басқа Карталар болмаған кезде Шотты жабуға және/немесе Серіктестерге БҚКШ-ны бұзуға;

4.3.18. Шотқа қызмет көрсету аясында Серіктестің Өтініште көрсеткен мобильді телефон нөміріне SMS-сервис қызметін көрсетуге не болмаса өз қалауы бойынша, соның ішінде Серіктесте берешек немесе Шотқа қойылған өзге орындалмаған талаптар, Kaspi-мен немесе үшінші тұлғалармен жасалған кез келген шарттар бойынша міндеттемелер болған жағдайда, SMS-сервис қызметін көрсетуді тоқтатуға;

4.3.19. Kaspi-де бар құжаттар бойынша Серіктестің өкілеттіктерінің, соның ішінде сенімхатының (бар болса) мерзімі өткен жағдайда, тиісті құжаттар Kaspi-ге берілгенге дейін Картаға тосқауыл қоюға;

4.3.20. Төлем ордерін немесе төлем талабын орындау үшін Шотта қажетті ақша болмағанда немесе жеткіліксіз болған кезде төлем ордерінің немесе төлем талабының есебін жүргізуге және оны алған күннен бастап бір жылдың ішінде сақтауға құқылы.

4.4. Серіктес:

4.4.1. Картаны пайдалану ережесінде және осы БҚКШ-ның талаптарында көзделген тәртіппен Картаға тосқауыл қою немесе оны тосқауылдан шығару туралы талабымен Kaspi-ге өтініш білдіруге;

4.4.2. Даулы (Слиппен немесе Чекпен) Операция бойынша шағымды Шотты дебеттеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде жіберуге құқылы. Олай болмаған жағдайда жүргізілген Операция расталған болып есептеледі және Kaspi кейінгі шағымдарды қабыл алмауы мүмкін;

4.4.3. Барлық Карталарды өткізіп, Kaspi-мен барлық өзара есеп айырысуды жүргізген жағдайда, осы Қосымша бойынша қызмет көрсетілуінен бас тартуға бастама көтеруге;

4.4.4. Kaspi мұндай мүмкіндікті берген жағдайда, шегінде Картаны Ұстаушы шығыс Операцияларын жүргізе алатын Ұстаушының Картасына Операциялар бойынша шектеулер белгілеуге құқылы.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Kaspi:

5.1.1. Серіктестің операциялары бойынша банк құпиясын жария еткені үшін жауапкершілік атқарады. Аталған операциялар бойынша мәліметтер үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ғана белгілі болуы мүмкін;

5.1.2. Шоттан дебеттелген сома, сондай-ақ осындай операция бойынша белгіленген комиссиялық сома шегінде қате жүргізілген операция үшін жауапкершілік атқарады. Бұл жағдайда Kaspi-дің жауапкершілігі қате жүргізілген операцияның күшін жоюмен және аталған соманы қайтарумен шектеледі.

5.2. Kaspi:

5.2.1. Егер үшінші тарап Картаны ақы төлеуге қабылдамаса;

5.2.2. Техникалық себептерден (байланыс желісінің немесе жұмыс істеуі Kaspi-ге байланысты емес коммуникациялық жабдықтың істен шығуы) не болмаса үшінші тұлға Операция жүргізуден бас тартқандықтан (соның ішінде басқа банктер операция жүргізуден бас тартқандықтан не болмаса Картамен жүргізілетін операциялар бойынша шектеулер енгізгендіктен) операцияны (Операцияларды) жүргізуге мүмкіндік болмағаны үшін;

5.2.3. Карта арқылы Операциялар жүргізген кезде Ұстаушының қате әрекеттері үшін;

5.2.4. Жоғалған/ұрланған Картаға тосқауыл қою туралы талаппен Kaspi-ге уақтылы өтініш білдірмеудің салдары үшін;

5.2.5. Төлем құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары бұзылып ресімделген жағдайда, Шотқа ақшаны аударуды кешіктіргені/аудармағаны үшін;

5.2.6. Шотты ашуға, Карталарды шығаруға қажетті құжаттардың толық жиынтығы берілмеген жағдайда, уақтылы Шотты аспағаны және Картаны шығармағаны үшін;

5.2.7. Карталарды Ұстаушы болған елдің валюталық немесе өзге де нормативтік шектеулері, сондай-ақ Картаны пайдаланып қолма-қол ақша алу сомасына белгіленген лимиттер Серіктестің мүдделерін қандай да бір дәрежеде қамтыса;

5.2.8. Байланыс арналары арқылы Үзінді көшірмелерді және кез келген ақпаратты жіберген кезде құпия ақпараттың жария етілу тәуекелі үшін;

5.2.9. Kaspi БҚКШ-ны не болмаса Қосымшаны бұзу туралы Серіктестерге хабарлаған күннен бастап Операцияларды жүргізу мүмкін болмағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

5.3. Серіктес:

5.3.1. Өтінішті бергенге және Карталарды шығарғанға дейін Ұстаушының/Ұстаушылардың дербес деректерді жинауға, өңдеуге және Kaspi-ге (соның ішінде трансшекаралық) беруге жазбаша келісімін алмағаны үшін;

5.3.2. Қосымшаның талаптарына сай Kaspi-ге берілген ақпарат пен құжаттардың сәйкестігі мен шынайылығы үшін;

5.3.3. Қосымшаның талаптарын, Картаны пайдалану ережесін тиісінше орындамағаны үшін – Kaspi-дің шеккен және оған келтірілген шығыстар мен шығасыларының толық көлемінде;

5.3.4. Жоғалған/ұрланған Картаға тосқауыл қою туралы Kaspi-ге уақтылы хабарламаудың салдары үшін – Kaspi-дің шеккен және оған келтірілген шығындарының толық көлемінде;

5.3.5. Шотқа қате аударылған ақшаны Kaspi-ге қайтармағаны үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қате аударылған ақшаның мөлшерінде;

5.3.6. Kaspi-ге Сыйақыны уақтылы төлеу үшін;

5.3.7. Карта жарамсыз болып танылған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннің ішінде ХТЖ-ға және/немесе ТКЖ-ға төлеуге берген операциялардың сомасын уақтылы өтеуге;

5.3.8. Ұстаушының кінәсінен Kaspi-дің шеккен шығыстары мен сот шығасыларының өтелуі үшін – Kaspi-ге келтірілген залалдың толық көлемінде;

5.3.9. Ұстаушының Картаны пайдалану ережесін және Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін – келтірілген залалдың толық көлемінде;

5.3.10. Картаның жоғалу, ұрлану фактісі туралы немесе оны уәкілеттік берілмеген тұлғаның пайдаланғаны туралы Kaspi-ге алғаш хабарлағанға дейін Картаны рұқсатсыз пайдаланудың нәтижесінде Тараптардың шеккен шығындарының өтелуі үшін;

5.3.11. Техникалық овердрафтқа жол бергені үшін Kaspi-дің Тарифтеріне сай әр күн үшін;

5.3.12. Үшінші тұлғаларға Карта қолжетімділік бергені үшін;

5.3.13. Ұстаушының Картамен Операцияларды жүргізген кездегі қате әрекеттері үшін жауапкершілік атқарады.

6. Қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату

6.1. Қосымша бойынша қызмет көрсету Шоттың жабылуымен немесе қызметтің кейбір түрлері бөлігінде мына жағдайларда тоқтатыла тұрады немесе толығымен тоқтатылады:

6.1.1. Банктік шоттарға және Операцияларға қызмет көрсету туралы заңнамада көрсетілген жағдайда. Бұл ретте, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Kaspi Серіктеске/Ұстаушыға Шотты жабу және Қосымша бойынша қызметті тоқтату туралы хабарлама жолдамайды;

6.1.2. Серіктестің қызметтің түрі көрсетілген қызметті өшіру немесе Серіктестерге БҚКШ-ны толық бұзу туралы жазбаша өтініші болғанда. Қызмет көрсету Серіктестің өшіру туралы жазбаша өтінішін алғаннан кейін 45 (қырық бес) жұмыс күні ішінде тоқтатылады;

6.1.3. Kaspi тиісті хабарламаларды электрондық түрде жолдағанда. Бұзатын күн хабарламада көрсетіледі;

6.1.4. Карта шартының не болмаса Серіктестерге БҚКШ-ның талаптары бұзылғанда;

- 6.1.5. Оларға сәйкес қызмет көрсету тоқтатылатын не болмаса тоқтатыла тұратын Серіктеспен жасалған шарттардың талаптары өзгертілгенде;
- 6.1.6. Серіктес Шотты/Шоттарды жапқанда;
- 6.1.7. Шот бойынша операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада белгіленген күдіктілік критерийлеріне сәйкес келген жағдайда, Kaspi Серіктестерге БҚКШ-да көзделген мерзімдерде Серіктеске хабарлап, Шотты жабуға құқылы;
- 6.1.8. Серіктес Картаны қайта шығарудан бас тартқан кезде немесе Kaspi аталған негіз бойынша Қосымшаны немесе Серіктестерге БҚКШ-ны толық бұзатыны туралы Серіктеске хабарлаған жағдайда, Картаның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір айдың ішінде қайта шығарылмаған кезде;
- 6.1.9. Осы Қосымшаға сәйкес ақша немесе Шот бойынша ақша қозғалысы соңғы Операция жүргізілген күннен бастап 1 жылдан астам болмаған жағдайда;
- 6.1.10. Серіктес Картаны пайдалануда белсенді болмағанда және/немесе Карта бойынша Операциялар 1 жылдан астам мерзімде болмаған жағдайда;
- 6.1.11. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Серіктестерге БҚКШ-да көзделген өзге негіздер бойынша.
- 6.1.12. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қосымшаның талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ тиісті ХТЖ өзге, Серіктестің төлеуі үшін Шотта көрсетілуі тиіс операциялардың сомасын ХТЖ-ға берудің неғұрлым ұзақ мерзімін белгілеген жағдайда, Шот Серіктес өтініш берген күннен бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ кез келген жағдайда Серіктес өтініш берген күннен бастап көп дегенде күнтізбелік 45 күннің ішінде жабылады. Бұл ретте Шот жабылған күннен бастап, ал Серіктестің Kaspi-дің алдында орындалмаған міндеттемелері бар болған жағдайда, осындай міндеттемелер толық көлемде орындалғаннан кейін және барлық есеп айырысу аяқталғаннан кейін Қосымша немесе Серіктестерге БҚКШ бұзылған болып саналады.
- 6.1.13. Шот Қосымшаның талаптарына немесе заңнаманың талаптарына сай жабылған жағдайда, Kaspi Серіктестің қосымша тапсырмасынсыз Шотты жапқан күнгі жағдай бойынша Шоттағы ақша қалдығын Серіктестің Kaspi-де ашылған кез келген банктік шотына аударады.
- 6.2. Картаға қызмет көрсету бойынша қызмет тоқтатылған кезде:
- 6.2.1. Серіктестің Картаға қызмет көрсетілгені үшін төлеген комиссиясы қайтарылмайды;
- 6.2.2. Серіктес барлық Карталарды Kaspi-ге қайтаруға тиіс;
- 6.2.3. Серіктестің Kaspi алдындағы барлық берешегі өтелуі тиіс.
- 6.3. Тараптардың бірінің хабарламаларын алған күннен бастап Карта/лар бойынша Операцияларды жүргізу тоқтатылады.

7. Қызмет көрсетуді өзгерту және тоқтату

7.1. Егер Серіктес өзгерістер күшіне енгізілетін күнге дейін өзгерістерді енгізуден жазбаша бас тартпаса, Қосымшаның талаптарына, соның ішінде Тарифтерге қатысты өзгеріс екіжақты тәртіппен мына тәсілдердің бірімен: Тарифтік жоспарды ауыстыру әрекеттерін жасау, тиісті келісімге қол қою; хаттармен, жеделхаттармен, телефонограммалармен, телетайпограммалармен, факс, электрондық құжаттармен, электрондық хабарлар немесе тараптардың ерік білдіру мазмұнын айқындайтын өзге құжаттармен алмасу арқылы енгізілуі мүмкін немесе заңнамада көзделген өзге қорғаныс әрекеттерінің элементтерімен, атап айтқанда, Растау кодын, ДСН-кодын енгізу арқылы, Жеке кабинетте немесе электрондық терминалда Серіктестерге БҚКШ-ның жаңа талаптарын өзгерту және қабылдау әрекеттерін орындау арқылы, Kaspi-дің қалауы бойынша Байланыс арналарының бірі арқылы хабарлар алмасу арқылы, өзгерістерді/толықтыруларды, өзгертілген құжаттарды, Тарифтерді немесе жаңа редакциядағы құжаттарды кез келген келесі тәсілмен Kaspi-дің қалауы бойынша: өз қолына беріп, факсимильдік байланыспен, Сайттағы жарияланыммен немесе өзге Байланыс арнасымен жолдап, Серіктестерге Қосымшаның өзгерістері туралы Серіктеске олар енгізілгенге дейін күнтізбелік 15 күн бұрын хабарлау арқылы куәландырылады. Егер жоғарыда аталған мерзім өткеннен кейін Серіктес Kaspi-дің қызметтерін пайдалануды жалғастырса, Серіктес үшін өзгерістер күшіне енеді және Серіктес барлық өзгерістерді қабылдады деп саналады. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде, соның ішінде ХТЖ және/немесе ТҚЖ ережелері мен жұмыс рәсімдеріне Қосымша немесе жалпы Серіктестерге БҚКШ бойынша Тараптардың арасындағы құқықтық қатынастарын қамтитын өзгерістер енгізілген жағдайда, БҚКШ-ның ережелері сәйкесінше өзгертілген немесе толықтырылған болып саналады.

7.2. Егер Серіктес Kaspi-дің хабарламасында көрсетілген өзгерістермен келіспесе, ол өзгерістер күшіне енгенге дейін 5 күн бұрын Kaspi-ге хабарлап, Қосымша бойынша қызметтің көрсетілуінен бас тартуға құқылы, бұл жағдайда мұндай өзгерістер қолданылмайды және қызмет көрсету тоқтатылады. Хабарламада Серіктестің уәкілетті тұлғасының қолы қойылған және оның мөрімен (бар болса) бекітілген Қосымшадан бас тарту туралы хатының сканерленген көшірмесі болуы керек. Қосымшадан бас тарту туралы аталған тәртіппен хабарланған жағдайда, Kaspi-дің енгізген өзгерістері күшіне енген күннен бастап Қосымша бойынша қызмет көрсету тоқтатылады, бұл ретте Серіктес туындаған, бірақ орындалмаған барлық міндеттемелерін, соның ішінде көрсетілген қызмет ақысын төлеу міндеттемелерін орындауға міндетті.

7.3. Жазбаша хабарламалар екінші Тарапқа қолхат арқылы табысталса немесе Өтініште көрсетілген мекенжайға, ал ол өзгерген жағдайда – екінші Тарапқа хабарланған мекенжайға тапсырысты хатпен жіберілсе (пошталық түбіртек болған кезде), екінші Тарап оларды алған болып саналады.

7.4. Қосымшаның 7.2-тармағында көзделген жағдайда Тараптардың арасында өзара есеп айырысу толық аяқталған (соның ішінде Карталарды қайтарған, қызмет ақысын төлеген) соң Қосымшаның немесе Серіктестерге БҚКШ-ның қолданысы толық тоқтатылады.

8. Ерекше талаптар

8.1. Өтінішке қол қоя отырып, Серіктес Өтініште көрсетілген өзі және Ұстаушы/лар туралы барлық ақпараттың шындыққа сәйкес келетінін растайды, Өтінішті бергенге және Карталарды шығарғанға дейін, соның ішінде Kaspi-мен жасалған шарттарды орындау мақсатында Kaspi Рау-да жаңа Ұстаушының тіркеген кезде дербес деректерді жинауға, өңдеуге және Kaspi-ге (соның ішінде трансшекаралық) беруге Ұстаушының/Ұстаушылардың жазбаша келісімін алғанына, Серіктестерге БҚКШ-мен, Картаны пайдалану ережесімен танысқанына кепілдік береді және Kaspi-ге мыналарға:

8.1.1 Осы Қосымшаның талаптарында көзделген мақсаттарда өзінің Шотын, соның ішінде Шотқа қате аударылған ақшаны, сондай-ақ Kaspi-дің алдындағы кез келген берешек сомасын тікелей дебеттеуге;

8.1.2 Kaspi-дің алаяқтық операциялар екеніне күмәні болған кезде (үшінші тұлғалардың Картаны не болмаса ДСН-кодын рұқсатсыз пайдалану қаупінің алдын алу үшін) мән-жайды анықтағанға дейін Серіктеске/Ұстаушыға хабарламай Картаға/Операцияға тосқауыл қоюға өз келісім береді. Бұл жағдайда Kaspi өз қалауы бойынша Картаға/Операцияға тосқауыл қоюға құқылы, бірақ міндетті емес;

8.1.3 Өзі туралы және Ұстаушы/Ұстаушылар туралы дербес деректерді, соның ішінде банктік құпияны, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты жинауға, өңдеуге және Шотқа ақшаны есепке жазу мақсатында байланыс қызметін, сақтандыру қызметін, өзге қызметтерді көрсететін үшінші тұлғаларға беруге;

8.1.4 Қызмет көрсету және алаяқтық операциялардың алдын алу мақсаттарында Өтініште берілген Серіктес туралы және Ұстаушы/Ұстаушылар туралы ақпаратты Kaspi-дің пайдалануына өз келісім береді.

8.2. Карталарды қайта шығаруға арыз (өтініш) беру арқылы Серіктес Қосымшаға Карталарды қайта шығаруға өтініш берген күнгі қолданыстағы Тарифтердің қолданылатынымен және Тараптардың келісімі бойынша Қосымша көрсетілген бөлігінде өзгертілген болып саналатынымен келіседі.

8.3. Сауда және сервис кәсіпорны мен Серіктестің арасындағы тауарларды беру/жұмыстарды орындау/қызмет көрсету бойынша өзара қарым-қатынастар (жиынтықтау, орнату, техникалық, сервистік және кепілдік қызмет көрсету) сауда және сервис кәсіпорны мен Серіктестің арасында Kaspi-дің қатысуынсыз өз бетінше реттеледі. Kaspi барлық жағдайда тауарды жеткізу/жұмыстарды орындау/қызмет көрсету шартының орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

8.4. Серіктестің, бенефициар банктің, бенефициардың және сауда/сервис кәсіпорнының арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Kaspi-дің қатысуынсыз шешіледі. Төлеуге берілген Операциялар бойынша даулар туындаған жағдайда, Kaspi Серіктеске кеңес береді.

8.5. Kaspi қайтарылған тауар үшін сауда және сервис кәсіпорны қайтарып берген, Карта арқылы төленген ақшаның Серіктестің Шотына аударылуын қамтамасыз етеді, бұл ретте ақшаны қайтару операциялары сауда/сервис орны ресімдеген чектің/Слиптің негізінде ақшаны Шотқа аудару арқылы тек қолма-қол жасалмайтын тәртіппен жүргізіледі.

8.6. Өтінішке қол қойылған күн және Өтініштің тіркеу нөмірі Корпоративтік карта шартының жасалған күні және нөмірі болады.

9. Дауларды шешу және Серіктестің өтініштерін қарау тәртібі

9.1. Серіктес Картаны пайдаланып жүргізілген нақты шығыс операциясымен келіспеген жағдайда, Серіктес Шот дебеттелген күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде осындай шағымның (болған кезде) негізділігін растайтын құжаттарды қоса тіркеп, бұл туралы Kaspi-ге жазбаша түрде хабарлайды. Kaspi-дің көрсетілген мерзім ішінде Серіктестен мұндай хабарламаны алмауы Картаны пайдаланып жүргізілген шығыс операциясының дұрыстығын растау болып саналады.

9.2. Kaspi Картаның рұқсатсыз пайдаланылу қаупін азайту мақсатында Серіктестің мүддесін қорғау үшін даулы Операция бойынша тексеру жүргізген кезде, Картаға тосқауыл қоюды және/немесе оны алуды қосқанда, өз қалауы бойынша Серіктестің шығындары мен шығыстарының алдын алу шараларын қолдануы мүмкін.

9.3. Серіктестің шағымдарын қарау мерзімі ішінде Kaspi даулы Операция сомасына төлем мен комиссияны есептейді, Серіктес оларды Қосымшаға және Kaspi-дің Тарифтеріне сай төлеуі тиіс. Серіктестің Картаны пайдаланып жүргізілген даулы Операция бойынша шағым келтіруі Серіктесті Қосымшаға сәйкес төлем жасау міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

9.4. Егер Kaspi Серіктестің даулы Операция жөнінде шағымдарын негізді деп таныса, Kaspi мұндай Операцияның сомасын немесе оның баламасын қайтарады.

9.5. Серіктестің даулы Операция жөніндегі өтініші бойынша жүргізілген тексерудің нәтижесінде Серіктестің шағымы негізсіз деп танылған жағдайда, Kaspi Серіктестен мұндай даулы Операция бойынша Kaspi-дің қызметтік тексеру жүргізуіне байланысты Kaspi-дің барлық шығысын нақты құны бойынша өтеуін талап етуге құқылы.

9.6. Kaspi Серіктестің өтініштерін, соның ішінде рұқсатсыз төлем жөніндегі, сондай-ақ Картаны пайдалануға байланысты өзге даулы операциялар туындаған кездегі өтініштерін осындай өтініштерді алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде қарайды.

9.7. Мына жағдайда: Қазақстан Республикасының резиденті емес банк желісінде Картаны пайдаланып операция жүргізілген жағдайда, Серіктестің өтініштерін қарау мерзімдері мұндай өтініштерді алған күннен

бастап күнтізбелік 30 күннен, бірақ көп дегенде күнтізбелік 30 күнге асуы мүмкін, бұл туралы өтініш білдірушіге қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік 3 күннің ішінде жазбаша түрде хабарланады.

9.8. Kaspi негізді шағым бойынша Серіктеске ақшаны ол Kaspi-ге қайтарылған кейін ғана Kaspi-дің және/немесе ХТЖ және/немесе ТКЖ нормалары мен ережелерін сақтай отырып қайтарады.

9.9. Карта бойынша рұқсатсыз төлем жасалған кезде Серіктеске шығын келтірілген жағдайда, Kaspi Серіктес рұқсатсыз төлем жасауда Kaspi-дің кінәсін растайтын құжаттарды берген кезде, Серіктестің тиісті жазбаша талабын алған сәттен бастап 30 күннің ішінде рұқсатсыз жасалған төлем мөлшерінде келтірілген залалды өтеуге міндеттенеді.

9.10. Тараптар даулар мен келіспеушіліктерді реттеу үшін барлық қажетті күш пен шараларды қолданады. Kaspi мен Серіктестің арасындағы келіспеушіліктер мен даулар келіссөздер барысында реттелмесе, онда олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Kaspi-дің орналасқан жері бойынша сотқа қарауға берілуі мүмкін.

Ұстаушының Картаны пайдалану ережесі

1. Картаны алу

Карта тікелей Ұстаушыға не болмаса Серіктестің уәкілеттік берген тұлғасына беріледі.

Карта шығарылып, тоқсауыл қойылған түрінде беріледі. Оны алғаннан кейін Kaspi Ұстаушыға Мобильді қосымшаның Жеке кабинетінде ДСН-код қоюды ұсынады.

Kaspi мұндай қызметті көрсеткен жағдайда, Карта Kaspi-дің оның деректемелері туралы ақпаратты электрондық түрде Байланыс арналарымен беруі арқылы электрондық түрде шығарылуы мүмкін.

Картаның қолданылу мерзімі оның оң жағында көрсетілген және айдың екі цифрымен және жылдың соңғы екі цифрымен белгіленеді. Карта онда көрсетілген ай мен жылдың (қоса алғанда) соңғы күніне дейін қолданылады. Электрондық түрде шығарылған Карта Kaspi-дің айқындаған Байланыс арналарының бірі немесе бірнешеуі арқылы хабарланған мерзімінің соңғы күніне (қоса алғанда) дейін қолданылады.

Картаны басқа тұлғаларға пайдалануға беруге, соның ішінде сенімхат бойынша немесе кепіл ретінде беруге тыйым салынады.

2. Картаны пайдалану

Kaspi-дің техникалық мүмкіндігі болған жағдайда Карта:

- сауда және сервис орындарында тауарлар мен қызмет ақысын төлеу;
- Терминалдарда (банкоматтарда), қолма-қол ақша беретін орындарда қолма-қол ақша алу, салу;
- интернет желісінде аударым жасау және зат сатып алу;
- бюджет төлемдер жасау;
- заңнамада тыйым салынбаған өзге әрекеттерді жасау үшін пайдаланылады.

Терминалда (банкоматта) қолма-қол ақша алу/салу үшін оның экранындағы нұсқаулықты орындаңыз. ДСН-кодын енгізген кезде мұқият болыңыз! Егер ДСН-коды 3 рет қате енгізілсе, Картаға тосқауыл қойылады. Операцияны аяқтап, Картаңыз бен ақшаңызды дереу алыңыз, әйтпесе қорғау жүйесі іске қосылып, ақшаны сақтау мақсатында Терминал (банкомат) Картаны немесе ақшаны ұстап қалады. Егер Терминал (банкомат) Картаңызды ұстап қалса, Серіктестерге қолдау көрсету қызметіне 2323 телефон нөмірі арқылы (ұялы телефоннан) хабарласыңыз.

Жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде ғана қолма-қол ақшаны Kaspi-дің кассасынан алуға болады.

Ұстаушы Картада көрсетілген деректердің сақталуын және ДСН-кодтың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

Карта бойынша операция жүргізген кезде сауда және сервис орнының жұмыскері жеке басыңызды куәландыратын құжатыңызды көрсетуіңізді сұрай алады.

Байланыссыз төлем карточкасын пайдаланып, 10 000 (он мың) теңгеден аспайтын сомаға операцияларды дербес сәйкестендіру нөмірін енгізбей жүргізуге жол беріледі.

Интернет желісінде зат сатып алған кезде тексеруден өткен, сенімділігіне өзіңіз көз жеткізген интернет дүкендерді пайдалануға тырысыңыз.

3. Картаны қайта шығару

Қолданылу мерзімі өткен соң не болмаса өзге жағдайларда Картаны:

- заңнамаға сай Картаға тосқауыл және өзге шектеулер қойылмаған кезде, Kaspi өз бетінше, соның ішінде ұстап қалынған, Картаның немесе оның жұмыс қабілетінің жоғалуына әкеп соқтырған жарамсыздықтар, зақымдар болған жағдайда;

- қайта шығарылатын күнгі жағдай бойынша қолданыстағы Тарифтерге сай Картаның соңғы қолданылатын айында немесе Картаның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін келесі айдың ішінде Серіктестің өтініші бойынша қайта шығарады.

Серіктестің Карта қайта шығарылған күнгі жағдай бойынша қолданыстағы Kaspi-дің Тарифтерімен келісімі Картаны қайта шығарудың талабы болып табылады.

Жоғалған Картаның орнына Картаны ауыстыру немесе жаңа Карта шығару Серіктестің Kaspi-ге берген жазбаша немесе электрондық өтінішінің негізінде жүргізіледі не болмаса Kaspi өз бетінше жүргізеді. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда Серіктес Картаны қайта шығаруға электрондық өтінішін www.kaspi.kz/business сайтында береді. Ұстаушыға Карта Kaspi-дің бөлімшесінде беріледі.

Kaspi қайта шығарған сәтте Kaspi Қосымша бойынша өзі айналысқа шығаратын төлем карточкалары үшін қолданатын/пайдаланатын сипаттама (соның ішінде түрі, функциялары, сипаты, дизайны, талаптары, тарифтері және т.б.) бойынша Картаны қайта шығарып, Ұстаушыға береді.

4. Картаға тоқсауыл қою

Картаға сіз Мобильді қосымшаның Жеке кабинетінде не болмаса 2323 телефон нөмірі (ұялы телефоннан телефон соғу Қазақстан бойынша тегін) арқылы немесе шетелден телефон соғу үшін +7 (727) 330-67-97 телефон нөмірі арқылы тосқауыл қоя аласыз.

Картаға тосқауыл қою туралы талапты Серіктес/Ұстаушы қойған болып саналады және Картаға тосқауыл қоюдың салдары бойынша шағымдарды Kaspi қабылдамайды.

5. Картаны жоғалтып алу/оның жоғалуы

Егер сіз Картаның, ДСН-кодтың жоғалғанын анықтасаңыз немесе оның заңсыз пайдаланылғаны және т.б. туралы сізге белгілі болса, Мобильді қосымшаның Жеке кабинетінде картаға тосқауыл қойыңыз не болмаса 2323 телефон нөміріне (ұялы телефоннан телефон соғу Қазақстан бойынша тегін) хабарласыңыз.

6. Картаны пайдаланған кездегі қауіпсіздік шаралары

Арнайы Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін әр зат сатып алу Kaspi-ден SMS-хабар/ Push-хабарлама жолдау арқылы сүйемелденуі мүмкін. Бұл Сізге сатып алған заттарыңызды (шығыстарыңызды) әрдайым көріп, бақылап отыруыңызға мүмкіндік береді. Картаңыз арқылы рұқсатсыз жүргізілген операциялар бойынша SMS-хабарларды/Push-хабарламаны көре салысымен Картаңызға дереу тосқауыл қойыңыз.

Ақшаңыздың қауіпсіздігі үшін сайтта интернеттен сатып алу мүмкіндігін қоса немесе өшіре тоқтата аласыз, сондай-ақ техникалық мүмкіндік болған жағдайда www.kaspi.kz/business-те өзіңізге қолайлы соманы таңдай аласыз.

Карта бойынша Операцияларды бақылау үшін өзіңізге қолайлы кез келген уақытта Мобильді қосымшада Карта бойынша Операцияларыңызды қарауды ұсынамыз.

Картаны алғанға және Қосымшаны жасасқанға дейін Ұстаушы қауіпсіздік рәсімдерін сақтау және қамтамасыз ету мақсатында Kaspi-дің талап етуімен өзін фото/бейнетүсірілімге түсіруге келісімін береді. Kaspi-дің талап етуімен Ұстаушының фото/бейнесуретін Kaspi-ге беру және Kaspi-де болуы Қосымшаны жасасудың міндетті және елеулі талабы болады.

7. Картаны пайдаланған кездегі міндетті талаптар

- ДСН-код пен Картаны басқа тұлғаларға бермеңіз;
- ДСН-кодты Картаға жазбаңыз;
- ДСН-кодын картамен бірге сақтамаңыз және оны басқа тұлғаларға хабарламаңыз;
- Kaspi-ге картаға қызмет көрсету мәселелері жөнінде хабарласқан жағдайларды қоспағанда, Картаңыздың деректерін (картаның нөмірін, картаның қолданылу мерзімін) телефон арқылы хабарламаңыз;
- Картаңыз өзіңізде болсын немесе басқаларға қолжетімді емес жерде сақтаңыз;
- Электрондық поштаңызға жолданған, жеке деректеріңізді немесе Картаңыз туралы деректерді сұратқан хаттарға жауап бермеңіз. Карта туралы деректерді алудың ең қауіпті тәсілдерінің бірі алаяқтардың Сізге Kaspi-дің, төлем жүйесінің немесе қандай да бір сайттың атынан хабарласуы екеніне назар аударыңыз. Бұл үшін карта бойынша дербес деректерді беруіңізді немесе ауыстыруыңызды сұрап, электрондық хат жолдайды немесе телефон соғады. Құпия деректеріңізді ешкімге айтпаңыз. Пароліңізді, жеке басыңызды куәландыратын құжаттың нөмірін, Картаның нөмірін және оның ДСН-кодын, Карта бойынша соңғы операциялар туралы ақпаратты немесе басқа құпия ақпаратты сұрататын кез келген компанияға немесе тұлғаға күмәнмен қараңыз.

8. Шағымдарды қарау

Серіктестің шағымдары Kaspi-ге жазбаша және электрондық түрде жолданады. Серіктестің шағымын қарау мерзімі kaspi.kz/business сайтында орналастырылған Қосымшаның талаптарында айқындалады.

9. Хабарламалар

Kaspi-ге хабарламалар мен өтініштер жазбаша және электронды түрде, соның ішінде Серіктестің Қосылуға өтініште және/немесе Жеке кабинетте көрсетілген электрондық мекенжайынан және/немесе Мессенджерінен Kaspi-дің business@kaspi.kz, электрондық мекенжайына және/немесе Жеке кабинетте көрсетілген Kaspi-дің Мессенджеріне (мұндай мүмкіндік болған кезде) беріледі.

Картаға қатысты барлық мәселе жөнінде Kaspi-ге Серіктестерге қолдау көрсету қызметіне +7 (727) 330-67-97 немесе (ұялы телефоннан телефон соғу Қазақстан бойынша тегін) 2323 телефон нөмірлері арқылы тәулік бойы хабарласыңыз.
